

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

196 миллион теңгеден астам қаражат БЖЗК салымшыларының шоттарына қайтарылды

БЖЗК-ның «Jusan Ventures» ЖШС-не жолдаған талап арызы нәтижесінде жай акцияларды сатып алғаны үшін (бұрынғы атауы – «KazTransCom» АҚ) Қордың пайдасына 196 304 931 теңге мөлшерінде қосымша ақы төленді.

Естеріңізге сала кетейік, 2021 жылдың 18 наурызындағы жағдай бойынша БЖЗК зейнетақы активтерінің портфелінде «Jusan Mobile» АҚ («KazTransCom» АҚ) 77 073 дана жай акциялары болған. 2021 жылдың ақпанында «Jusan Ventures» ЖШС Қазақстан қор биржасының (KASE) интернет-ресурсында тиісті талапты жариялау арқылы санатына БЖЗК да кіретін миноритарлық акционерлерден бір данасын 5 750 теңге бағамен акцияларды мәжбүрлеп сатып алу құқығын мәлімдеді. KASE деректеріне сәйкес, 12.02.2021ж. жағдай бойынша көрсетілген баға индикативтік ретінде расталды. 2021 жылғы наурызда «Jusan Ventures» ЖШС барлық миноритарлық акционерлерден, оның ішінде БЖЗК зейнетақы активтері портфелінен акцияларды аталған бағамен сатып алған болатын.

Алайда, миноритарлық акционерлердің бірі сотқа талап арыз берген соң, тәуелсіз бағалауды ескере отырып, сот акциялардың бір данасының құнын 8 297 теңге деп айқындады. 2022 жылдың 14 сәуірінде Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының шешімі заңды күшіне енді.

Аталған сот шешімін ескере отырып, БЖЗК «Jusan Ventures» ЖШС-не акциялар құнының айырмасын төлеуді талап етіп, сотқа дейінгі талап арызын жіберіп, төлем мерзімдерін белгіледі.

Қордың сотқа дейінгі талап арызына сәйкес, «Jusan Ventures» ЖШС акциялар құнының айырмасын төлеуді жүзеге асырды. Қосымша ақы сомасы сот белгілеген акциялар құны мен бұрын төленген әрбір акция бағасының айырмасы негізінде әр акция үшін 2 547 теңге мөлшерінде есептеп шығарылды. Нәтижесінде 196 304 931 теңге БЖЗК салымшылары мен алушыларының зейнетақы активтерінің құрамына аударылды.

БЖЗК 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗК» АҚ негізінде құрылды. БЖЗК құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗК міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).